

Рәбиға СЫЗДЫҚ
(Алматы)

ЯСАУИ ТІЛІНІҢ ҚЫПШАҚТЫҚ-ОҒҰЗДЫҚ НЕГІЗІ

В статье рассматриваются проблемные вопросы о принадлежности языка "Хикметов" Х.А.Ясауи к группе кыпчакско-огузскому литературному языку XII в.

Makalede Hoca Ahmet Yesevi "Hikmetleri" dilinin XII. asır Kıpçak-Oğuz edebî diline ait olduğu hakkındaki meseleler ele alınmaktadır.

Соңғы он шақты жылдың барысында қазақ қоғамының әлеуметтік, саяси, идеологиялық ахуалының өзгеруі ұлттық сананың, жеке адамдардың рухани дүниесінің жаңа сатыға көтерілуіне алып келгенінің, 70 жылдан астам үстемдік еткен коммунистік идеология мен социализм мұраттары ығыстырылып, оның орнында пайда болған вакуумды толтыратын жаңа рухани, мәдени сұраныстар дүниеге келіп жатқанының күәсі болып отырмыз. Осы сұраныстардың бірі – дінге бет бұрдық, ислам дінінің қайта тілеуіне ден қойдық, оның рухани болмысымызда алуға тиіс орны мен қызметіне, тарихы мен бүгінгі күй жайына мейлінше назар аударып жатқан жайымыз бар. Осы қарекеттердің бірі XII ғасырда жасап өткен, түркі тайпалары ортасында белгілі діни-идеологиялық ағымның негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауидің қызметі мен шығармашылығын тану, таныту ісі қолға алынды: ол үшін ғылыми және практикалық жұмыстар жүргізіле бастады. Біздегі ясауитану 1990 жылы қазан айында осы Түркістанда “Ясауи әлемі” атты халықаралық жиын – “Дөңгелек үстел” өткізуден бермен қарай жандана бастады: тарихшылар мен философтар, мәдениеттанушылар мен әдебиетшілер Ясауидің идеологиясы мен философиялық ой-пікірлерін, жырлаған тақырыбы мен үгіт-насихаттарын зерделеді. Бірқатар ғылыми ізденістер дүниеге келіп жатыр. Бұл шағын баяндамада ясауитану тарихын кеңінен сөз етуді көздеп отырған жоқпыз, бірақ осындай кіріспе шолу жасауды жөн көрдік, себебі ұлы бабамыздың ілімін, тарихи қызметін, рухани әлемдегі орнын зерттеу біршама жан-жақты, толық, жүйелі түрде жүргізіле бастағанмен, ясауитанудың бір қыры және аса мәнді, қажетті саласы – оның тілін зерттеуде қазақ филологиясы әлі де кенжелеп келе жатқанын айтып, назар аудартқымыз келді.

Ясауи мұрасының тілін танудағы, танытудағы қиындықтың уәжін тәптіштесек, қазақ тіл мамандарын кінәлауға бара алмас едік және қазақ тіл білімі саласы ясауитануда мүлде құр алақан емес екендігін де қоса білдірер едік. Ясауи “Хикметтерінің” тіліне қатысты азды-көпті талдаулар мен ой-толғамдарды жалпы түркологияда, орыс тіл білімінде және қазақ филологиясында кімдер айтты, нені айтты дегенді білгісі келгендер біздің әр алуан жинақтар мен ғылыми журналдарда жарияланған 1-2 мақаламызда қысқаша түрде берілген шолулардан біле алады.

Бұл баяндамада айтпағымыз – Ясауи “Хикметтері” тілінің негізі түркі тілдері тобының қайсысына жатады немесе жақын дегенге өз пікірімізді

білдіру және оны соңғы жылдарда осы жәдігерліктің лексика-грамматикалық, ішінара фонетикалық сипаттамасына арнап жазып жүрген еңбегімізден алынған фактілерге сүйеніп айту.

Ясауи мұрасы тілінің зерттелу жайын сөз еткен бір мақаламызда XII ғасырдан келе жатқан көркем дүние – “Хикметтердің” тілін өз алдына зерттеу нысаны (объектісі) етудің аса қажеттігін өз пікірімізше жеті-сегіз тармақ етіп көрсетіп едік. Сол зерттеулердің бір қыры (аспектісі) – Ясауи хикметтері барлық параметрі жағынан, яғни фонетикалық-графикалық (орфограммалық) тұрқына (көрінісіне), лексикалық құрамына, морфологиялық бітіміне қарай түркі тілдерінің қай тобына жақын келеді деген әлі үзілді-кесілді шешілмеген проблеманы анықтау болмақ. Бұл қажеттік соңғы бірер ғасыр барысында, әсіресе әр халықты, әр республиканы “жарыстырып” қойған советтік дәуірдің 1950-1980-ші жылдары белді-белді түркі халықтары өз мәдениетінің іргесі ертеден қаланғанын, рухани-мәдени-әдеби қазынасы мол екенін көрсетуге тырысқан тұстарда ескі көне жазба мұраларды иемдену тенденциясы бел алғанын білеміз. Соның нәтижесінде өзбектер Ясауи мұрасын өзбек әдеби тілінің бастауы деп, түрікпендер түрікпен әдеби тілінің атасы деп, түріктер түрік жазба әдебиетінің үлгісі деп “иеліктер” танытып келгенін де жасырмадық. Тек қана соңғы онжылдықта “Ясауи хикметтері - қазіргі түркі халықтарының ортақ мұрасы” деген байлам орныға бастады. (бұған Халықаралық Түркологиялық Орталықтың 1990 жылдардан бастап Қазақстанда, Түркияда өткізіп келген ғылыми жиыны-конференциялары, көрнекті түркологтердің білдірген пікір-тұжырымдары себеп болып отыр). Дегенмен, “ортақ дүниенің” де негізі, ұйытқысы болуға тиіс қой және ол негізді қазіргі жеке тілдерден іздемей (бір тілге телімей), түркі тілдерінің қыпшақ, оғұз, қарлұқ деп бөлінетін топтарынан іздеу керек.

Әрине, бұл мәселе жайында түркологияда, оның ішінде орыс ғалымдары тарапынан айтылған толғамдар мен түйіндер баршылық. Ясауидің “Хикметтері” сияқты мол дүние - ғажайып жазба ескерткіш қай жағынан да, оның ішінде тілі жөнінен дүние жүзі ғалымдарының назарын аудармай тұра алмағандығы белгілі. К.Залеманнан, С.Е.Маловтан, А.К.Боровковтан, А.Н.Кононовтан бастап, Ә.Нәжіп, Н.А.Баскаковтар және атақты ірі түрік ғалымы Ф.Көпрүлү Ясауи тілінің негізін сол кезеңде, XI-XII ғасырларда Сырдарияның төменгі ағысын мекендеген отырықшы және көшпелі түркі тайпаларының тілінен іздейді. Бірақ Ясауи тілінің негізі жөніндегі түйіндері бірыңғай, бірдей емес, әр қилы. Академик А.Н.Кононов “Хикметтер” тілі көне ұйғыр және хорезмдік түркі әдеби тілінің нормаларына, яғни Қараханидтер дәуіріндегі **қарлұқ-ұйғыр** жазба тілінің үлгілері “Құтадғу білік” пен “Алтын йаруқтердің” тіліне жақын деп топшылса, проф. Әмір Нәжіп, керісінше, Ясауи поэзиясының тілі грамматикалық құрылысы мен лексикасы жағынан XI ғасыр ескерткіштері “Құтадғу біліктен” де, әл-Замахшаридің “Мухаддимат ал-адаб” атты шығармасынан да бөлектеніп тұратындығын айтып, ол қарлұқ-ұйғыр жазба тілінен бөлек, өз алдына қалыптасқан екінші бір аралас **қыпшақ-оғұз** әдеби тілі деп санайды [1]. Ясауи тілін арнайы зерттеп, очерк (көлемді мақала) жазған атақты түрколог А.К.Боровков оны шығыс қарахандық әдеби дәстүрді жалғастырып, өз алдына қалыптасқан **оғұз-қыпшақ** тілінің үлгісі деп санайды да, бұл ескерткіш өзбек әдебиеті мен

өзбек тілінің ертерек кезеңдегі тамаша беттерінің бірін ашады деп табады [2]. Көзі тірі замандасымыз аса көрнекті түркітанушы А.М.Щербак “Хосрау да Шырын” поэмасының тілі Ясауи тілінің ерекшеліктеріне сәйкеспейді деу арқылы “Хикметтер” тілінің негізі **оғыз тайпаларының тілі емес** деген пікір айтады. Кейбір өзбек ғалымдары Ясауи тілін **өзбек тілінің бір диалектісі** деп санайды, бұған, сірә, атақты мажар ғалымы Г.Вамберидің Ясауи хикметтері Қоқан хандығының диалектісінде жазылған деген пікірі де себеп болса керек дегенді А.К.Боровков көрсетеді [3]. Ясауи мұрасын жан-жақты қарастырып ХХ ғасырдың бас кезінде арнайы еңбек жазған түрік ғалымы проф. Фуад Көпрүлү (орыс тіліндегі ғылыми әдебиетте көбінесе Кюпрулю-заде деп аталады) оны қарлұқ негізді шығыс түркістандық тілдің үлгісі, бірақ оғұз тілдерінің әсеріне ұшыраған, ал Ясауидің ана тілі оғұз диалектісі емес деген тұжырымға келеді [4]. Кейбір зерттеушілер Ясауи тілі Орхон жазбалары тілімен де іліктеседі дегенді де білдіреді [5]. Ал қазақ ғалымдары тарапынан Ясауи тілінің негізін дәлелдеп пікір білдірген арнайы ізденістер жоқ.

Біз ұлы бабамыз қалдырған (қалдырды-ау деген) мұраның біздің бұрынғы елімізде (Кеңес Одағында) сақталған ең әрідегі (шамамен XVII ғасырдың соңғы кезіндегі) бір қолжазбадағы хикметтердің мәтінін зерделеп, оны Қазан басылымдарымен салыстырып, лексикалық және морфологиялық сипатын көрсетуді көздеп жазылып жатқан жұмысымыздағы нақты фактілерге сүйеніп, ортағасырлық түркі жазбасының тілдік негізі туралы ойымызды біз де айтсақ дедік.

Алдымен, ертедегі ескерткіштер тілін өзгелерінің (тұстастарының немесе бұрын не соң дүниеге келгендерінің) тілімен салыстыруда және бір-бірінен айырмашылықтарын табуда негізгі тірек не болмақ, тілдің қай қаттауы материалды көбірек береді? - деген сауал тұрады.

Ертелі-кешті түркі жазбаларының тіліне назар аударған ғалымдардың айтуына қарағанда, ескерткіштің сөздік құрамының негізгі объекті болуы екіталай, дәлірек айтсақ, мұнда екі-үш түрлі қиындық кездеседі, олардың бірі – туркологияда ертеректегі ескерткіштерінің тіліндегі қыпшақтық, оғұздық белгілерді анықтаудың толық жүргізіліп болмағаны және оның күрделі проблема екендігі [6]. Екінші қиындық бұл реттегі зерттеу жұмыстарының әдістерінде жатыр. Өйткені орта ғасырлардағы, айталық, X-XIV ғасырлардағы түркі жазба дүниелерінде орын алған жеке сөздер көбінесе аралас болып келеді: оларда қыпшақ тобындағы сөздермен қатар оғыз сөздері, қарлұқ элементтері, тіпті көне түркі жазбалары мен көне ұйғыр жазба тілінен келе жатқан дәстүрлі сөз қолданыстар ұшыраса береді. Мысалы, біз тілін әңгімелеп отырған қолжазбада ара-тұра орхон-енисей жазбаларында орын алған көне түркілік *біт* = (жаз-), *қамуғ* (барлық), *тұпұқ қақ* - (табыну), *ай* - (айт-) сөздері кездеседі, бірақ бұл фактілерге қарап, Ясауи тілінің негізі – көне түркілік жазбалар тілі деуге болмайды, өйткені сан жағынан олар өте аз, бұлардың Ясауи заманындағы параллельдері *йыз*-, *барча*, *табын* =, *айт*-сөздері кеңінен қолданылған. Немесе ескерткіш мәтінінде фонетикалық көрінісі жағынан түркі тілдерінің әр тобына жататын сөздер жарыса қолданылған. Мысалы, *сүңәк* / *сүйәк*, *іч* / *іш*, *тапар* / *табар*, *қаш* / *қач*,

нүчүк/нәчүк, көб/көп, құрығ қалдым/құрық қалдым т.б. Әрине, бұл аралас-құраластықтардың уәждері әр алуан: түркі тілдерінің әр түрлі топтарының, әр топтың түрлі диалектілерінде сөйлейтін тайпалардың орын-тұрақтары, тұрмыс-салттары аралас-құралас болып келгендігі де бар, ескерткіш қолжазбаларын көшірушілердің тілдік ерекшеліктері болуы мүмкін, қолжазбаны өз кезіне лайықтап “редакциялау”, “жанарту” (модернизация) процестері орын алғаны даусыз. Осылардың барлығы сөздік құрамының да аралас-құраластығын жасаған. Сүңәк варианты бар екен деп, Ясауи тілінің негізі оғұздық деуге болмайтыны сияқты, сүйәк қатары да қолданылған деп, қыпшақтық деуге болмайды. Демек, сөздік қазынасы түркі тілдерін топтастыруда тиянақсыздау тірек екендігін көреміз.

Дегенмен, кейбір сөздердің фонетикалық тұрпатына, бірқатар жұрнақтардың белгілі бір варианттарының қолданысына, сөздердің тіркесу қабілеттеріне, бейнелі фразеологизмдер құрау т.б. мүмкіндіктеріне және олардың жүйелі түрде әрдайым кездесетініне қарап, ескерткіштер тілінің негізі қыпшақтық және оғұздық деп ажыратуға болады. Мысалы, біздің қолжазбамызда I жақ жекеше жіктеу есімдігі *мән* (*бән*, *мін/мен* емес), көмекші етістік қыпшақтық *бол-* (оғұздық *ол-* емес) тұлғасында, қыпшақтық *ет-*, *күл-* көмекші етістіктері оғұздық *әйлә-* сөзіне қарағанда жиірек ұшырайды, мұнда тек қыпшақтық *сөзлә-* (қазіргі қазақ тіліндегі оғұздық тұлға *сөйле-* емес), қыпшақтық *тіл* (оғұздық *діл* емес), *мың* (*бың* емес), *бар* (*вар* емес), *от* (*од* емес) т.т.

Туыс тілдерді әр алуан топтарға ажыратуда ең күшті тірек — фонетикалық және морфологиялық айырым белгілер болып табылады. Фонетикалық ерекшеліктерге келгенде де бір қиындық бар: ол — түркі жазбаларында орфограммалық дәстүрдің рөл ойнайтындығы, мысалы, біз зерттеген қолжазбада *тіріг*, *сарығ*, *оңлуғ-соңлуғ*, *йашлығ*, *мухаббатлығ* түріндегі орфограмма ескерткіш тілін оғұздық деп танытудан гөрі, түркі жазу дәстүрінің көне қалпында сақталып отыратынын көрсететін факт деуге болады.

Ескерткіштер тілінің сүйегін (негізін) анықтауда стилистикалық фактілердің рөлі айрықша. Жоғарыда айтқанымыздай, қыпшақтық, оғұздық, көне ұйғырлық (тіпті көне түркілік) бірліктер (жеке сөздер, фонетикалық варианттар, морфологиялық тұлға-тәсілдер) ішінара қолданысқа түсіп кетуі әбден мүмкін, бірақ олардың қай топтағы варианты жиірек қолданылады, міне, осыған назар аудару керек. Мысалы, қолжазбада морфологиялық тұлғалардың ішінде есімшенің, көсемшенің етіс категориясының қыпшақтық тұлғалары сан жағынан басым болып келген, үстеулер де негізінен қыпшақ сөздері екені анықталды.

Сонымен қатар фразеологизмдер саласында бүгінгі қыпшақ тілдерінде, айталық, қазақ тілінде қолданылатын бірліктердің молдығы көзге түседі. Мысалы *башға түшті*, *баш ұрды*, *қол қушұрды*, *сөз қатмаса*, *мойун сунды*, *йолдын азды* сияқты жүздеген етістік фраземаларды былай қойғанда, *беш күндә өтәр умрың*, *йүз мың йашасаң ахиры бір күн өләрсән*, *үч йүз алтмыш тамурларың тебрәтмәсәм*, *көңүлү бүтүн*, *көңүлі сынук*, *башым кетсә бу йоллардын қайтарым йоқ* сияқты фразалар мен фразеологизмдер осы мағынада, осы тұлғада қыпшақтық топтағы қазіргі қазақ тілінде де

қолданылады. Бұларды, әрине, Ясауи немесе оның ізбасар мүридтері жасап ұсынған жоқ, бұл тұрақты тіркестер қыпшақ тайпаларының халқтық тілінде пайда болып ежелден қолданылып келе жатқандар, Ясауидің поэтикалық мектебі о баста жергілікті көшпелі түркі тайпаларының халықтық көркем сөз үлгісін (А.Н.Боровковтың айтуынша, “шамандық өлеңдерін”) пайдаланған.

Сөйтіп, қорыта айтқанда, Ясауи хикметтерінің сөздік қазынасы мен фонетика-морфологиялық бітімі бір ғана түркі тілін былай қойғанда, бір ғана қыпшақтық немесе оғұздық, я болмаса қарлұқтық тобына жатпайды, мұнда өзге де түркі жазба ескерткіштері сияқты, бұлардың барлығының да үлгілері (бірліктері, элементтері) орын алған, бірақ Ясауи тілінің сүйегі **қыпшақтық** оның ішінде j-тобына (*йақын, йоқ, йаман*) жататын тіл, сонымен қатар оғұз элементтері мықты араласқан, көп ретте қыпшақ-оғұз қатарлары жарыса қолданылып отырады, сондықтан Ясауи тілінің негізі қыпшақ-оғұз әдеби тілі деп бізден бұрын айтылған тұжырымды (Ә.Нәжіптің) біздің талдауларымыз да қуаттайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Наджип Э.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык Мамлюкского Египта XIV в. – Автореф. Докт. Дисс. М., 1965. С. 9.
2. Боровков А.К. Очерки по истории узбекского языка. - // Советское востоковедение. М.-Л., 1948. С. 229-250.
3. Боровков А.К. Көрсетілген еңбек. 246-бет.
4. Мехмет Фуат Көпрүлү. Қожа Ахмет Ясауи танымы мен тағылымы. Шымкент, 1999. 198-бет.
5. Рустамов Э., Ахмад Ясави хикматларында тарих ва хаёт садоси - // Узбек тили ва адабиети, 1972. N4.